

**БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ
АҚЫ ТӨЛЕУ БОЙЫНША ЖЕҢІЛДІКТЕР МЕН
ШЕГЕРІМДЕР ЖӘНЕ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ
БІЛІМ БЕРУ ГРАНТЫН ТАҒАЙЫНДАУ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**



«ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ		
СМЖ құжаты 3 деңгей	Ереже	Е 042-3.10-2024
Білім беру қызметтеріне ақы төлеу бойынша жеңілдіктер мен шегерімдер беру және шәкәрім атындағы білім беру грантын беру туралы Ереже	№4 басылым 03.10.2025 ж.	

Бекітілді

«Шәкәрім университеті» КеАҚ

Басқармасы

03.10.2025 жыл

№35 хаттамасымен

**БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ БОЙЫНША
ЖЕҢІЛДІКТЕР МЕН ШЕГЕРІМДЕР ЖӘНЕ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ
БІЛІМ БЕРУ ГРАНТЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Семей, 2025

АЛҒЫ СӨЗ**1 ӘЗІРЛЕНДІ**

Жастарды әлеуметтік
қолдау және дамыту
орталығының басшысы



А. Оразғалиева

«03» 10 2025 ж.

2 КЕЛІСІЛДІ

Аппарат басшысы



М. Карибаев

«03» 10 2025 ж.

Қаржы департаментінің
директоры – бас
бухгалтер



А. Асаубаева

«03» 10 2025 ж.

Стратегиялық
жоспарлау және сапа
менеджменті
орталығының басшысы



Ж. Орынканова

«03» 10 2025 ж.

Заңгер



А. Самашева

«03» 10 2025 ж.

МАЗМҰНЫ

1	Қолдану саласы	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Терминдер мен анықтамалар	4
4	Жалпы ережелер	5
5	Шәкәрім атындағы білім беру грантын беру туралы	6
6	Білім беру қызметтеріне ақы төлеу бойынша жеңілдіктер мен шегерімдер беру туралы	7
7	Өзгерістер енгізу туралы	9
8	Қосымша	11

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Білім беру қызметтеріне ақы төлеу бойынша жеңілдіктер мен шегерімдер беру және Шәкәрім атындағы білім беру грантын тағайындау туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) «Шәкәрім университеті» КеАҚ және Шәкәрім Жоғары колледжі (бұдан әрі - Колледж) күндізгі оқу нысанындағы білім алушыларды әлеуметтік қорғау және қолдау, академиялық үлгерімін арттыруға ынталандыру мақсатында әзірленді

1.2 Ережені «Шәкәрім университеті» КеАҚ Басқармасы бекітеді.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы

2.2 «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы №285-V ҚРЗ Заңы.

2.3 «мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу және олардың мөлшерлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 Қаулысы.

2.4 «Шәкәрім университет» КеАҚ жарғысы.

2.5 «Шәкәрім университеті» КеАҚ тәрбие жұмысы тұжырымдамасы.

3. ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ

Осы Ережеде тиісті анықтамалар мен қысқартулар және терминдер пайдаланылады:

1) «Шәкәрім университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Университет);

2) Комиссия - білім беру қызметтеріне ақы төлеу бойынша жеңілдіктер беру және Шәкәрім атындағы білім беру грантын алуға үміткер тұлғалардан ұсынылған құжаттарды қарау құзыретіне кіретін университет қызметкерлері қатарынан құрылған алқалы орган;

3) Үміткер - білім беру қызметтеріне ақы төлеу бойынша жеңілдіктер беру және Шәкәрім атындағы білім беру грантын беруге үміткер тұлға;

4) Білім алушы - университетте немесе колледжде күндізгі оқу нысанында білім беру бағдарламасын меңгеретін жеке тұлға.

5) Жеңілдік - білім алушылардың жекелеген санаттарына білім беру қызметтеріне ақы төлеу бойынша шығыстарын қысқарту бойынша берілетін игілік;

6) Шегерім – осы Ережеде белгіленген мөлшері мен қолданылу кезеңіне білім беру қызметтеріне ақы төлеуді төмендетудің пайыздық көрінісі жыл сайын университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен белгіленеді.

7) Шәкәрім атындағы білім беру гранты - колледждің және университеттің білім алушысына білім алу ақысын төлеу үшін берілетін ақшаның нысаналы сомасы.

8) Медициналық - әлеуметтік сараптама комиссиясы (МӘСК) - организм функцияларының бұзылу дәрежесіне, тіршілік әрекетінің шектелуіне және

кәсіптік еңбек қабілетінен айырылу дәрежесін айқындау, мүгедектікті ресімдеудің соңғы кезеңіне байланысты мүгедектіктің тобы мен себептерін анықтау мақсатында азаматтарды куәландыру үшін емдеу-алдын алу мекемелерінде құрылатын комиссия.

4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Осы Ереже университет пен колледжде білім беру қызметтеріне ақы төлеу бойынша жеңілдіктер беру және Шәкәрім атындағы білім беру грантын тағайындау қағидаларын регламенттейді.

4.2 Осы Ереже мемлекеттік білім беру гранттары бойынша білім алушыларға, сондай-ақ Президенттік стипендия иегерлеріне, облыс әкімінің атаулы стипендиялары мен грант иегерлеріне қолданылмайды.

4.3 Білім беру қызметтеріне ақы төлеу бойынша жеңілдіктер мен шегерімдер беру және Шәкәрім атындағы білім беру грантын тағайындау үшін Ректордың бұйрығымен комиссия құрылады, ол келіп түскен өтініштерге байланысты оқу жылына 2 рет өз жұмысын жүзеге асырады. Комиссияның ұсынымдары қорытынды шешім үшін Ректорға жіберіледі.

4.4 Білім беру қызметтеріне ақы төлеу бойынша жеңілдіктер мен шегерімдер беру және Шәкәрім атындағы білім беру грантын тағайындау Ғылыми кеңестің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен ресімделеді.

4.5 Шәкәрім атындағы білім беру гранты нақты оқу жылына немесе бүкіл оқу кезеңіне берілуі мүмкін.

4.6 Білім беру қызметтеріне ақы төлеу бойынша жеңілдіктер мен шегерімдер беру осы Ережеге сәйкес университеттің қаржылық мүмкіндіктері шегінде және студенттердің үлгерімі мен материалдық жағдайын ескере отырып айқындалады.

4.7 Білім беру қызметтеріне ақы төлеу бойынша жеңілдіктер мен шегерімдер беру және Шәкәрім атындағы білім беру грантын тағайындау жөніндегі Комиссия білім алушылардың есепті кезеңдегі жетістіктерін ескереді. Күзгі семестрде өткізілетін комиссия отырысы күнтізбелік жылдың басынан бері білім алушылардың жетістіктерін қарастырады. Көктемгі семестрде өткізілетін комиссия отырысы алдыңғы отырыстан кейін және комиссияның ағымдағы отырысы күніне дейін алынған жетістіктерді, сондай-ақ күзгі отырыста қаралмаған өткен жылдың жетістіктерін қарастырады.

4.8 Бір жетістік үшін жеңілдік бір рет қана беріледі.

4.9 Жеңілдіктер беру тәртібі, қажетті құжаттардың тізбесі осы Ереженің қосымшасымен реттеледі.

4.10 Бір уақытта белгіленген оқу ақысына қатысты жеңілдіктердің бір түрі ғана қолданылуы мүмкін.

4.11 Оқу ақысына жеңілдік үміткердің немесе оның ата-анасының немесе камқоршысының өтініші негізінде комиссияның тиісті шешімімен, университеттің Ғылыми Кеңесінің міндетті бекітуімен және Ректордың бұйрығымен беріледі.

4.12 Білім беру қызметтеріне ақы төлеу бойынша жеңілдіктер мен шегерімдер беру және Шәкәрім атындағы білім беру грантын тағайындау туралы бұйрықтың көшірмелері факультет деканаттарына, университет бухгалтериясына, жастарды әлеуметтік қолдау және дамыту орталығына және білім алушыларға қызмет көрсету орталығына жіберіледі.

4.13 Білім беру қызметтеріне ақы төлеу бойынша жеңілдіктер мен шегерімдер беру және Шәкәрім атындағы білім беру грантын тағайындауға үміткерлер университетке немесе колледжге оқуға түсушілер және білім алушылар болып табылады.

4.14 Жоғары және зерттеу мектептерінің деканаттары, колледж директоры құжаттардың Шәкәрім атындағы білім беру грантын және (немесе) білім беру қызметтеріне ақы төлеуге жеңілдіктер мен шегерімдер беру критерийлеріне сәйкестігін алдын ала қарауды жүзеге асырады, оларды жүйелендіреді және Университеттің комиссиясына береді.

4.15 Құжаттарды толық ұсынбау білім алушының өтінішін қараудан бас тартуға негіз болып табылады.

4.16 Осы ереженің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі - стратегия және әлеуметтік даму жөніндегі проректорға жүктелді.

5. ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ГРАНТЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

Шәкәрім атындағы білім беру грантының иегерлеріне оқуға 100% жеңілдік беріледі.

5.1. Оқуға түсушілер арасынан үміткерлер:

Оқудың барлық кезеңіне:

5.1.1 Жетім балалар; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар (I, II, III топтар), бала кезінен мүгедек тұлғалар.

5.1.2 «Алтын белгі» иегерлері, бірақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің білім беру гранты тағайындалмаған;

*5.1.3 Білім беру бағдарламалары бойынша түсу сынақтарынан сәтті өткен шетел азаматтары *.*

1 оқу жылына:

5.1.4 Шәкәрім атындағы білім беру грантына құқық беретін сертификаты бар мектептер мен колледждер арасындағы университеттік пәндік олимпиадаларда 1 орын алғандар;

5.1.5 Қазақстан Республикасы туризм және спорт министрлігінің немесе халықаралық ұйымдастыру комитеттерінің қолдауымен өткен дәстүрлі спорт түрлерінен әлем, Еуропа және Азия рекордтарын орнатқан әлем, Еуропа және Азия чемпиондары атақтарының иегерлері;

5.1.6 Қазақстан Республикасы туризм және спорт министрлігінің немесе халықаралық ұйымдастыру комитеттерінің демеушілігімен өткізілген халықаралық шығармашылық байқаулардың жеңімпаздары (1 орын);

5.1.7 ҚР оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен өткізілген оқушылар арасындағы республикалық пәндік олимпиадалар мен ғылыми конкурстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері;

5.1.8 Ғылыми кеңестің шешімі негізінде мектептер мен колледждер арасындағы зияткерлік және шығармашылық конкурстардың жеңімпаздары.

* Білім беру гранттарының саны жыл сайын ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі.

5.2. Білім алушылар қатарынан үміткерлер:

5.2.1 Жетім балалар; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар (I, II, III топтар) және бала кезінен тұлғалар;

5.2.2 Ғылыми-зерттеу және қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысатын, университеттің/колледждің халықаралық және республикалық деңгейдегі оң имиджіне ықпал ететін оқу үздіктері (GPA 3,5-тен кем емес);

5.2.3 ҚР туризм және спорт министрлігінің немесе халықаралық ұйымдастыру комитеттерінің қолдауымен өткізілген дәстүрлі спорт түрлері бойынша Әлем, Еуропа және Азия чемпиондары атағының иегерлері;

5.2.4 ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің немесе халықаралық және республикалық ұйымдастыру комитеттерінің қолдауымен өткізілген халықаралық және республикалық шығармашылық конкурстардың жеңімпаздары (I-орын);

5.2.5 Дайындық бағыттары бойынша мемлекеттік білім беру гранты негізінде оқыған және «Шәкәрім университеті» КеАҚ-да оқуын ақылы негізде жалғастырған студенттер:

– білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны ерікті түрде тоқтату;

– уәкілетті органның білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, кері қайтарып алу және одан айыру туралы шешім қабылдауы.

6. 1 ОҚУ ЖЫЛЫНА ОҚУ АҚЫСЫНА ЖЕҢІЛДІКТЕР МЕН ШЕГЕРІМДЕР

Жеңілдік иелеріне ұсынылатын санатқа байланысты оқу ақысына 20% -дан 50% -ға дейін жеңілдік беріледі.

6.1 Оқуға түсушілер арасынан үміткерлерге жеңілдік және шегерімдер

6.1.1 Спорт түрлері бойынша Әлем, Еуропа, Азия және Қазақстан чемпионаттарының жүлдегерлері (әдеттегі турнирлер есепке алынбайды) және ҚР туризм және спорт министрлігінің немесе халықаралық ұйымдастыру комитеттерінің қолдауымен өткізілген халықаралық және республикалық шығармашылық конкурстардың жүлдегерлері – 50%;

6.1.2 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің қолдауы

негізінде Университетке оқуға түскен Университет қызметкерлері - 50%;

6.1.3 Мектеп және колледж түлектері арасында университеттік пәндік олимпиадаларда 2, 3 орын алғандар (сертификаты бар болған жағдайда):

- 2 орын жылдық оқу ақысын 50%-ға төмендету;
- 3 орын жылдық оқу ақысын 25%-ға төмендету.

6.1.4 Университет қызметкерлерінің балалары - төлем сомасын 30% - ға төмендету. Егер бір отбасында бірнеше студент ақылы негізде білім алса, онда аталған жеңілдік олардың әрқайсысына;

6.1.5 Шәкәрім университетіне түсетін Шәкәрім жоғары колледжінің түлектеріне оқу ақысына 20%, ал үздік диплом болған жағдайда – 30% мөлшерінде жеңілдік беріледі.

6.2 Білім алушылар қатарынан үміткерлерге жеңілдік және шегерімдер

6.2.1 Ғылыми - зерттеу және қоғамдық жұмыстарда жетістіктерге жеткен оқу үздіктері (GPA кемінде 3,5) – 50%;

6.2.2 Спорт түрлері бойынша Әлем, Еуропа, Азия және Қазақстан чемпионаттарының жүлдегерлері (әдеттегі турнирлер есепке алынбайды) және ҚР туризм және спорт министрлігінің немесе халықаралық ұйымдастыру комитеттерінің қолдауымен өткізілген халықаралық және республикалық шығармашылық конкурстардың жүлдегерлері – 50%;

6.2.3 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің қолдауы негізінде Университетке оқуға түскен Университет қызметкерлері - 50%;

6.2.4 Университет қызметкерлерінің балалары - төлем сомасын 30% - ға төмендету. Егер бір отбасында бірнеше студент ақылы негізде білім алса, онда аталған жеңілдік олардың әрқайсысына.

6.2.5 Студенттік парламент спикері, кіші декандар, еріктілер қозғалысының және "Profunit" кәсіптік бағдар беру мобильді тобының қатысушылары - 50%;

6.2.6 университет әкімшілігінің тапсырмасы бойынша оқу-көмекші сипаттағы жұмыстардың белгілі бір түрлерін орындайтын (дизайн, безендіру, жарнама жұмыстары, бағдарламалық өнімді әзірлеу және т. б.) – 30%;

6.2.7 жобалардың әртүрлі түрлері мен типтерін (StartUP, Enactus, ұйымдастырушылық, инвестициялық, ақпараттық, маркетингтік, экономикалық, әлеуметтік, техникалық, ғылыми-зерттеу, аралас жобаларды) іске асыратын – 20%;

6.2.8 Студенттік парламент мүшесі, кіші деканат мүшесі, жастар ұйымдарының мүшесі – 20%;

6.2.9 Білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның ерікті түрде тоқтатылуына, сондай-ақ уәкілетті органның білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, кері қайтарып алу

және одан айыру туралы шешім қабылдауына байланысты ақылы негізде оқыған және ақылы негізде басқа білім беру бағдарламаларына ауыстырылған студенттерге – 50%.

7. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

7.1 Білім беру қызметтеріне ақы төлеу бойынша жеңілдіктер мен шегерімдер берілген және ректордың бұйрығы бойынша ерекше жағдайларда осы Ереженің тармақтарына сәйкес Шәкәрім атындағы білім беру гранты берілген білім алушылардан тәртіп бұзушылықтар анықталған сәттен бастап немесе емтихан сессиясының нәтижелері бойынша *(қанағаттанарлықсыз баға алған жағдайда)* күші жойылуы мүмкін.

7.2 Білім беру қызметтеріне ақы төлеу бойынша жеңілдіктер мен шегерімдер және Шәкәрім атындағы білім беру грантын тағайындау келесі тармақтар бойынша күшін жояды:

- ұсынылған ақпараттың анық еместігі анықталса;
- басқа БББ немесе мамандыққа ауыстыру;
- білім алушының университеттен / колледжден оқудан шығарылуы;
- басқа жоғары оқу орнына / колледжге ауысуы;
- университеттің/колледждің немесе Студенттер үйінің ішкі тәртіп ережелерін өрескел бұзу;
- құқыққа қайшы әрекеттер жасау;
- ағымдағы оқу жылының емтихан сессиясы кезеңінде қанағаттанарлықсыз баға алған кезде;
- академиялық демалысты рәсімдеу кезінде.

7.3 Оқуға жеңілдік алған қызметкерлер оқуын аяқтағаннан кейін университетте белгіленген өтеу мерзімін орындауға міндетті. Өтеу мерзімі жеңілдік берілген кезеңнің ұзақтығына тең.

7.4 6.1.2 және 6.2.3-тармақтарына сәйкес оқуға жеңілдік алған университет қызметкері жұмыстан шыққан кезде жұмыс істеу кезеңінің ұзақтығына байланысты алынған жеңілдік сомасын қайтарады..

7.5 Төлемді жою туралы шешім тиісті жоғары/зерттеу мектептерінің қызметтік жазбасы бойынша Ректордың бұйрығымен ресімделеді.

7.6 Шәкәрім атындағы білім беру грантын, оқу ақысына жеңілдіктер мен шегерімдер беру туралы бұйрық шыққаннан кейін жоғары және зерттеу мектептерінің декандары/ колледж директорының орынбасары студенттерді осы Ереженің 7.1 және 7.2-тармақтарымен қол қою арқылы таныстыруға міндетті.

7.7 Осы ереженің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – стратегия және әлеуметтік даму жөніндегі проректорына жүктеледі.

7.8 Жоғары/зерттеу мектептерінің декандары, колледж директоры оқу жылының әрбір академиялық кезеңі аяқталғаннан кейін бір апта өткен соң Басқарма мүшесі – стратегия және әлеуметтік даму жөніндегі проректорды Шәкәрім атындағы грант немесе білім беру қызметтеріне ақы төлеу бойынша жеңілдіктер мен шегерімдер алатын, бірақ академиялық кезеңді

қанағаттанарлықсыз бағамен аяқтаған немесе 7.1, 7.2 -тармақта көрсетілген ережелерді бұзған студенттер жөніндегі ақпаратпен білім беру қызметтеріне ақы төлеуге жеңілдіктер мен шегерімдер беру туралы бұйрыққа өзгерістер енгізу үшін ресми хат бойынша хабардар етуге міндетті.

ҚОСЫМША 1**Санаттар бойынша ұсынылатын құжаттардың тізбесі****1. Оқуға түсушілер үшін:****1.1.а. Жетім балалар:**

- жеке куәліктің көшірмесі / туу туралы куәлік;
- туу туралы куәліктің көшірмесі;
- ата-анасының қайтыс болғаны туралы куәліктердің көшірмелері.

1.1.б. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар:

- жеке куәліктің көшірмесі / туу туралы куәлік;
- қамқоршылық белгілеу туралы әкімдік қаулысының көшірмесі.

1.2 Мүгедек балалар, бала кезінен мүгедектер:

- жеке куәліктің көшірмесі / туу туралы куәлік;
- медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясынан мүгедектікті белгілеу туралы куәліктің көшірмесі.

1.1 Мектеп және колледж түлектері арасындағы университеттік пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары:

- жеке куәліктің көшірмесі / туу туралы куәлік;
- олимпиада жүлдегері дипломы;
- олимпиада қазылар алқасының грант беру туралы шешімі.

1.2 «Алтын белгі» иегерлері:

- жеке куәліктің көшірмесі / туу туралы куәлік;
- орта білім туралы құжаттың көшірмесі.

1.3 Дети сотрудников университета:

- жеке куәліктің көшірмесі / туу туралы куәлік
- туу туралы куәліктің көшірмесі;
- ата-анасының лауазымы мен жұмыс өтілі көрсетілген университеттің персоналды дамытуды сүйемелдеу бөлімінен анықтама.

1.4 Спорт түрлері бойынша Әлем, Еуропа, Азия және Қазақстан чемпиондары мен рекордсмендері және халықаралық және республикалық шығармашылық конкурстардың жеңімпаздары:

- жеке куәліктің көшірмесі / туу туралы куәлік
- чемпионаттар мен конкурстар жүлдегерлерінің дипломы, грамотасы, куәлігі және өзге де растайтын құжаттары.

2. Білім алушылар үшін:**2.1.а. Жетім балалар:**

- жеке куәліктің көшірмесі;
- туу туралы куәліктің көшірмесі;
- ата-анасының қайтыс болғаны туралы куәліктердің көшірмелері;
- справка с ЦОО (подтверждающее обучение).

2.1.б. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар:

- жеке куәліктің көшірмесі;
- қамқоршылық белгілеу туралы әкімдік қаулысының көшірмесі;
- БАҚКО-нан анықтама (оқуды растайтын).

2.2. Оқу үздіктері (GPA кемінде 3,5):

- жеке куәліктің көшірмесі;
- транскрипт;
- алдыңғы оқу жылында ғылыми-зерттеу және қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысқанын растайтын құжаттар.

2.3 Мүгедек балалар, бала кезінен мүгедектер:

- жеке куәліктің көшірмесі;
- медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясынан мүгедектікті белгілеу туралы куәліктің көшірмесі;
- БАҚКО-нан анықтама (оқуды растайтын);
- транскрипт.

2.4 Өткен оқу жылында өткен халықаралық және республикалық студенттік пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары:

- жеке куәліктің көшірмесі;
- БАҚКО-нан анықтама (оқуды растайтын);
- олимпиада жүлдегері дипломы (жеке есепте);
- транскрипт.

2.5 ҚР туризм және спорт министрлігінің немесе халықаралық ұйымдастыру комитеттерінің қолдауымен өткен оқу жылы кезеңінде өткізілген Спорт және өнер саласындағы халықаралық және республикалық чемпионаттар мен шығармашылық конкурстардың жеңімпаздары:

- жеке куәліктің көшірмесі;
- БАҚКО-нан анықтама (оқуды растайтын);
- чемпионаттар мен конкурстар жүлдегерлерінің дипломы, грамотасы, куәлігі және өзге де растайтын құжаттары;
- транскрипт.

2.6 Университет қызметкерлерінің балалары:

- жеке куәліктің көшірмесі;
- туу туралы куәліктің көшірмесі;
- БАҚКО-нан анықтама (оқуды растайтын);
- ата-анасының лауазымы мен жұмыс өтілі көрсетілген университеттің персоналды дамытуды сүйемелдеу бөлімінен анықтама.
- транскрипт.

2.7 Сотрудник университета, поступивший на обучение в университет:

- жеке куәліктің көшірмесі;
- БАҚКО-нан анықтама (оқуды растайтын);
- лауазымы мен жұмыс өтілі көрсетілген университеттің персоналды дамытуды сүйемелдеу бөлімінен анықтама;
- құрылымдық бөлімдерден өтініш;
- транскрипт.

ҚОСЫМША 2

**«Шәкәрім университеті» КеАҚ
Басқарма төрағасы-ректор
Д. Орынбековке**

(Аты-жөні)

(мектептің атауы)

(білім беру бағдарламасының коды және атауы)

тобы, _____ курс

(тұрғылықты мекен-жайы, байланыс телефоны)

ӨТІНІШ

Сізден 202__-202__ оқу жылына арналған Шәкәрім атындағы білім беру грантын тағайындауға менің кандидатурамды қарауыңызды сұраймын.

Қолы
Күні

«Шәкәрім университеті» КеАҚ
Басқарма төрағасы-ректор
Д. Орынбековке

(Аты-жөні)

(мектептің атауы)

(білім беру бағдарламасының коды және атауы)

_____ **тобы,** _____ **курс**

(тұрғылықты мекен-жайы, байланыс телефоны)

ӨТІНІШ

Сізден _____ тармағы бойынша
20____-20____ оқу жылына арналған білім беру қызметтеріне ақы төлеу
бойынша жеңілдіктер беруге менің кандидатурамды қарауыңызды сұраймын.

Қолы
Күні